

**Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады**

**Иса мен
Зақай**



Мәтінін жазған: Edward Hughes

**Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson**

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

**Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org**

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тыйм салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1



Бірде Иса Иерихон арқылы өтті. Бұл қаланы ерте заманда Ешуа Нұңұлы талқандаған еді. Енді ол қайтадан салынған әрі онда көптеген адамдар тұратын. Олардың арасында Зақай есімді адам болды.


2



Шамасы, Иерихондағы басқа адамдар Зақайды аса жақсы көрмеген сияқты, өйткені ол олардан салық жинайтын. Зақай ақшаның бір бөлігін өкіметке жіберді, ал оның көп бөлігін өзіне алып қалды.

3

Салық жинаушының жұмысы Зақайды өте бай адам етті. Оның үйі, бәлкім, сол аудандағы ЕҢ ҮЛКЕН және ЕҢ ЖАҚСЫ үй болған шығар.




4

Бірақ ол, сонымен қатар, өте аласа бойлы еді – ақша жетіспегендіктен емес, бойының қысқалығынан. Зақай ешқашан да басқа адамдар сияқты ұзын бойлы болған жоқ.



5



Зақай Исаның Иерихонда екенін естіген кезде, аласа бойлы салық жинаушы Өзінің Құдайдың Ұлы екенін растаған назареттік Адамды көргісі келді. Бірақ тобыр қалың еді... адамдар ұзын бойлы болатын.

6



Зақайда бір ой пайда болды! Егер ол тобырдан озып кетсе... жол бойында өсіп тұрған ағашқа шығып алса... ол Исаны көре алар еді.


7



Тұт ағашына шығып алған Зақай бұтадан ыңғайлы орын тауып алып, Исаны күту үшін сонда жайғасты. «Мен жақсы көре аламын, – деп ойлаған болар ол. – Мен Оны байқатпай көріп алам».


8

«Зақай, тезірек төмен түс». Аласа бойлы салықшы өз құлағына өзі сенбеді. Иса ағаштың астында тұр екен. Иса оған қарап тұрды. Иса оны шақырды!



9

Егер Зақай Исаның өзін шақырғанын естіп таңғалған болса, Исаның өзіне айтқан: «Бүгін Мен сенің үйіңде қалуым керек», – деген сөзін естіп есі кеткен шығар. Зақайдың тез төмен түскені соншалық, құлап кете жаздады.



10

Зақай Исаның өз үйіне келетініне мәз-мейрам болған шығар. Бірақ адамдарға бұл ұнамады. Олар Исаның Зақай сияқты күнәкардың үйіне бармауы керек деп шағымданды.




11

Иса Зақайға мүлдем жаңа өмір алып келді. Зақай: «Мырза, мал-мүлкімнің жартысын жарлыларға үлестіріп берем. Егер біреуді алдап ақысын жеген болсам, оны төрт есе артығымен қайтаратын боламын», – деді.



12

Иса Зақайдың жана өміріне разы болды. Ол адамдардың күнәдан бас тартып, дұрыс істегендерін көргенді жақсы көреді. Иса: «Адам Ұлы жоғалғандарды іздеп құтқаруға келді», – деді. Сол күні Иса Иерихонда Зақайды тапты!



13

Иса мен Зақай

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Лұқа 19

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

14



Соңы

53



60

15

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

16